

КЕЛІСІЛДІ

«Қарағанды қаласы
білім бөлімі» ММ
басшысы

«24» 09 2025 жыл



КЕЛІСІЛДІ

«№1 балалар көркемөнер
мектебі» КМҚК
директордың м.а.

«24» 09 2025 жыл



БЕКІТЕМІН

«Қарағанды облысында
білім беруді дамытудың
оқу-әдістемелік орталығы»
КМҚК директоры

«24» 09 2025 жыл



**Қосымша білім беру педагогтерінің
көркемөнер-эстетикалық бағытындағы «ӨНЕРЛІ ШЕБЕР»
XIV облыстық шығармашылық тәжірибелік шеберлік сабақтары
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ереже

1.1. Осы Ереже Қарағанды қаласы мен Қарағанды облысының балалар көркемөнер мектептері, өнер мектептері мен Қарағанды облысының сурет студиялары педагогтерінің арасындағы «Өнерлі шебер» XIV облыстық шығармашылық тәжірибелік шеберлік сабақтарының мақсаты мен міндеттерін, өткізілуі мен қатысушыларды марапаттау тәртібін анықтайды.

1.2. Тәжірибелік шеберлік сабақтар 2025-2026 оқу жылына Қарағанды облысы қосымша білім беру педагогтерінің облыстық қауымдастығы мен Қазақстан Республикасы ағарту Министрлігінің «Адал азамат» бағдарламасына сәйкес жүргізіледі.

1.3. «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК тәжірибелік шеберлік сабақтарды қолдап жүзеге асырады. Қарағанды қаласы «№1 балалар көркемөнер мектебі» КМҚК іс-шараны өткізу мен дайындау жұмыстарын қамтамасыз етеді.

1.4. Шеберлік сабағының қатысушылары: көркемөнер мектебінің қосымша білім беру педагогтары, өнер мектептерінің көркемөнер бөлімдері, сурет студияларының педагогтары, педагогикалық өтілі мен жасына шектеу қойылмайды.

2. Тәжірибелік шеберлік сабақтардың мақсаты мен міндеттері

2.1. **Мақсаты:** Қарағанды облысының көркемдік-эстетикалық бағыттағы қосымша білім беру педагогтерінің шығармашылық қызметі мен кәсіби шеберлігін дамыту, өзін-өзі тиімді жүзеге асыру үшін жағдай жасау.

2.2. **Іс-тәжірибенің міндеттері:**

- кескіндеме, графика және сәндік өнердегі түрлі техникалық тәсілдер мен технологияларды тәжірибе жүзінде қолдану;
- педагогикалық тәжірибені тарату;
- педагогтердің ақпараттық мәдениетін арттыру.

2.3. **«Өнер әлеміндегі мұғалім: кәсібилік және шығармашылық»** тақырыбы аясындағы теориялық баяндамалар мен шеберлік сабақтардың тақырыбы.

3. Іс-тәжірибеге қатысушылар

3.1. Іс-тәжірибеге қатысушылар: көркемөнер мектебінің қосымша білім беру педагогтары, өнер мектебінің көркемөнер бөлімдері, сурет студиялар.

4. Тәжірибелік шеберлік сабақтарын ұйымдастыру мен өткізу

4.1. Қарағанды қаласы №1 балалар көркемөнер мектебінің базасында «Өнерлі шебер» XIV облыстық шығармашылық тәжірибелік шеберлік сабақтары 2026 жылдың 27 наурыз күні сағат 10.00-ден 15.00-ге дейін өтеді.

4.2. Шеберлік сабақтар бағдарламасында жоспарланған:

- 5 шеберлік сыныбын өткізу ;

- Іс-тәжірибелік бөлім

4.3. Практикалық бөлімге қатысу үшін келесі материалдардың болуы қажет:

- планшет, этюдник, жиналмалы орындық (қатысушының қалауы бойынша);

- А/2, А/3 қағазы (форматы қатысушының қалауы бойынша);

- материалдар: акварель, гуашь, акрил, май, қарындаштар және т.б.;

- қылқалам, палитра, өшіргіш, қарындаштар, 0020 суға арналған ыдыс;

- әр қатысушы тізімде көрсетілмеген қосымша материалдарды қолдана алады.

4.4. Шеберлік сабаққа қатысу үшін 2026 жылдың 20 наурызына дейін педагогтер өтінімді e-mail: konkurs_art_school@mail.ru электронды мекенжайына жолдауы тиіс (Қосымша 1).

4.5. «Өнерлі шебер» XIV облыстық тәжірибелік шеберлік сабақтарын өткізу бекітілген бағдарлама тәртібіне сай жүргізіледі (Қосымша 2).

4.6. Тәжірибелік шеберлік сабақтардың қатысушыларына сертификаттар беріледі.

4.7. Қосымша ақпаратты келесі мекенжай бойынша ала аласыздар: Қарағанды қаласы, Бұқар Жырау даңғылы, 61А, «№1 балалар көркемөнер мектебі» КМҚК, тел./факс: 8-7212-252818; e-mail: konkurs_art_school@mail.ru.

Қосымша 1

Қарағанды облысының қосымша білім беру педагогтерінің
көркемөнер-эстетикалық бағытындағы «ӨНЕРЛІ ШЕБЕР»
XIV облыстық шығармашылық тәжірибелік шеберлік сабақтарына қатысуға
Өтінім

№	ФАӨ (толық)	Білім беру ұйымының атауы	Білім беру ұйымының мекенжайы, телефоны	Қатысушы- ның ұялы телефоны
1				